— Біздің мемлекеттеріміз географиялық тұрғыдан бір-бірінен алыс орналасса да, халықтарымызды егемендік пен территориялық тұтастықты құрметтеу, диалог арқылы бейбітшілікке үндеу секілді ортақ құндылықтар біріктіреді. Конго Демократиялық Республикасы халықаралық қоғамдастықтың, соның ішінде Қазақстанның ең қиын сәттерде көрсеткен қолдауын ешқашан ұмытпайды. Қазақстан БҰҰ аясындағы белсенді ұстанымымен Конго халқына жанашыр екенін дәлелдеді. Сондықтан Сізге шынайы ризашылығымызды білдіруге рұқсат етіміз, — деді ҚДР Президенті.

Феликс Чисекедидің айтуынша, Қазақстан ядролық қарудан бас тарту және бейбітшілікті сақтау үшін дәйекті диалогті ілгерілету арқылы қауіпсіздік пен дамуды өте маңызды екенін көрсетті. Бұл — әлем жұртшылығына үлгі.

Келіссөз барысында екіжақты сауданы дамыту, көлік-логистика, тау-кен, ауыл шаруашылығы және ақпараттық технологиялар, цифрландыру салаларындағы ықпалдастық мәселелеріне баса мән берілді.

Келіссөз қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Конго Демократиялық Республикасының Президенті Феликс Чисекеди Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Бұдан бөлек дипломатиялық консультацияға, тау-кен және геология саласындағы ынтымақтастыққа қатысты ведомстволарлық құжаттарға қол қойылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Феликс Чисекедиді I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

Президент бүгін екі ел жылнамасындағы тарихи күн екенін атап өтті.

— Қазақстан Республикасы мен Конго Демократиялық Республикасы арасындағы қарым-қатынастар тың қарқын алуда. Ең алдымен, Президент Феликс Чисекеди мырзаны Қазақстанда алғашқы мемлекеттік сапармен қарсы алу — біз үшін үлкен құрмет. Конго Демократиялық Рес-

публикасы — Қазақстанның Африка құрлығындағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Екі ел арасындағы байланыстар берік достық пен өзара құрметке негізделген. Қазақстан Конго Демократиялық Республикасымен түрлі саладағы ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі. Ықпалдастықты ерекше серпінмен тереңдету үшін барлық мүмкіндік бар. Жоғары деңгейдегі саяси ниетіміз — ортақ, сауда-экономикалық әлеуетіміз — мол, мәдени-гуманитарлық саладағы мақсат-міндеттеріміз бір. Бүгінгі келіссөз қорытындылары — осының айқын дәлелі. Біз өзара қолдау мен түсіністік рухында екіжақты қатынастарды жана деңгейге көтеруге уағдаластық. Екі елдің мүддесіне сай келетін маңызды келісімдерге қол жеткіздік. Халықаралық сахнадағы ықпалдастықты одан әрі нығайтуға келістік. Жаһандық қауіпсіздік және тұрақтылықты қамтамасыз ету ісінде күш-жігерімізді жұмылдыруға ниет білдірдік. Жалпы, Астана мен Киншаса арасындағы сан қырлы серіктестіктің әлеуеті мол, болашағы зор деп айтуға толық негіз бар, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Феликс Чисекедидің осы игі іске қосып отырған тарихи үлесіне жоғары баға берді. Сондай-ақ оны халқының қолдауына арқа сүйеп, елін алға бастаған нағыз көшбасшы деп білетінін мәлімдеді.

— Конго Демократиялық Республикасы айтарлықтай табыстарға қол жеткізіп, халықаралық сахнада беделін нығайтуда. Елінің экономикасы өсіп келе жатыр. Сіздің бастаманыңмен түрлі салада тың жобалар табысты жүзеге асуда. Бұл жетістік — Сіздің арқаныз. Сіздің басшылығыңызбен еліңіз бұдан да биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенемін. Осы мақсат-мұраттарға жету жолында Қазақстан еліңізді қолдауға дайын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан мен Конго Демократиялық Республикасының ынтымағын арттыруға, елдеріміз арасындағы достықты бекемдеуге, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға елеулі үлес қосқаны үшін Феликс Чисекедиді I дәрежелі «Достық»

орденімен марапаттау туралы шешім қабылдағанын айтты.

— Бұл — қазақ елінің Сізге деген ерекше құрметі және шынайы ризашылығы, халқыңызға көрсеткен ыстық ықыласы. Сіз Африка елдерінің жоғары басшылары арасындағы осындай құрметті марапат алған тұңғыш саясаткер болдыңыз, — деді Президент.

Конго Демократиялық Республикасының Президенті марапатқа лайық көргені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, жемісті ынтымақтастық аясын кеңейтуге дайын екенін атап өтті.

— Халықтарымыз арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бар күш-жігерімізді саламын. Өз елімнің, сондай-ақ тұтас Африка құрлығының мүддесіне сай келетін ықпалдастықтың жаңа бағыттарын іздеп, оны одан әрі дамытуға ұмтыламыз. Орталық Азия өңірі өзінде Африкаға аса таныс емес. Сондықтан бүгінгі және болашақтағы ынтымақтастығымыз қос құрлық арасындағы байланыстар тарихында маңызды кезек болатынына сенімдімін, — деді Феликс Чисекеди.

ЖОЛДАУ: АЙҚЫН МІНДЕТ ЖӘНЕ ЖАУАПҚЕРШІЛІК



Жиында Жолдауда белгіленген бағыттарды негізге алып, өңір экономикасын тұрақты дамыту шараларын жалғастыру туралы айтылды.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы межеленген 631 млрд 400 млн тенге инвестиция тартуды мүдделі облыстық басқармалар, аудан, қала әкімдерімен бірлесіп атқаруы тиіс.

Тау-кен саласындағы төмен динамиканы ескеріп, ондеу өнеркәсібінің өнім көлемін арттыру шараларын ұйымдастыру өте маңызды. Ол үшін осы жылға жоспарланған ондеу саласындағы 21 жобаны уақытылы іске қосу, кәсіпорындардың өндіріс көлемін барынша арттыру қажет.

Жолдауда ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге қатысты нақты тапсырмалар берілді. Бұл ретте, су тапшылығы жағдайындағы егін алқаптарын әртараптындықпен жалғастыру керек. Бұдан бөлек,

1-бет

игерілмей бос жатқан, заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу мәселесін де мұқият қарау міндеттелді. Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына Қызылорда қаласы, аудан әкімдерімен бірлесіп, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша межені толық орындау туралы тапсырма берілді. Облыстық жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолының құрылысын жеделдету бойынша тиісті құжаттар ұсынып, салалық министрлікпен ысықтауы тиіс. Сонымен қатар, электр, газ, жылу және сумен жабдықтауды сапалы әрі үздіксіз жүргізу, тұрақты жетілдіру, жасанды интеллект технологиясын барынша меңгеру, тың тәсілдерді енгізу мәселелері қаралды.

Алдағы уақытта Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыруға арналған кеңейтілген жиын өткізіледі.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен арнайы жиын өтіп, құрылыс нысандары, жол сапасы мен мерзіміне қатысты мәселелер талқыланды. Жауапты сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктелді.

САПА МӘСЕЛЕСІ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Кейінгі үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын 3 800-ге жуық пәтерді сатып алуға қаржы бөлінді. Заманауи жаңа дизайнмен салынған 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер қаламыздың сәнін келтірді.

Өңір тұрғындары үшін әлеуметтік нысандар, атап айтқанда 2022 жылдан бері жаңадан 15 мәдениет нысаны салынды. Барлық ауданда «Руханият орталықтары», балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Сауте Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Қызылорда қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты бой көтеруде. Нысан алдағы қараша айында ел игілігіне беріледі.

Кейінгі жылдары 1 232 шақырым автомобиль жолы мен көшелерді, 19 көпірді салуға, күрделі жөндеуге қаражат бөлінді. Арал, Жанакорған аудандарында теміржол үстінен өтетін аспалы көпір пайдалануға берілді. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Облыс аумағындағы 216 шақырымның 163 шақырымы ел игілігіне айналды. Қосымша 12 шақырымына екі қабатты аспалы төселді. Жоба биыл толық аяқталады.

Облыс орталығының негізгі көшелері — әуесжайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, Шиелі ауданынан Кіреберіс жол, Яссауи, Жаппасбай батыр магистральді көшелері, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төрт жолақты болып кеңейтілді.

Бүгінде Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі 2,9 шақырым жолдың, Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты өткелінің құрылысы қарқынды жүреді.

Аймақ басшысы жауапты басшыларға әрбір құрылыс нысанына барып, сапасы мен аяқталу мерзімін тұрақты бақылауда ұстауды ескертті.

/// ПІКІР-ПАЙЫМ

ТҮБЕГЕЙЛІ БЕТБҰРЫС ТЕРЕҢ МӘНГЕ ИЕ

Байыбына барып саралай білгенге Президент Жолдауында стратегиялық мақсат-міндеттер анық айтылды.

Жолдаудың өзегі — цифрлы мемлекет құру бастамасымен сабақтасты. Шын мәнінде цифрлы қадамдарға көшу, жасанды интеллектті енгізу барлық салалардың тамырына қан жүгіртеді. Цифрландыру ең алдымен уақыт үнемдеудің, адами процестердің арнасын азайтып, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін болдырмауға жол ашады.

Президент негізгі тірек салалардың бәрінде цифрлы технологияларды, жасанды интеллект элементтерін кеңінен қолдануды тапсырды. Цифрлы хабтар құру, цифрлы қазақ мектептерінің желісін құру, Цифрлық кодекс әзірлеу және салалық министрлік құру ісін міндеттеді.

Цифрландыруға түбегейлі көшу — экономиканы жаңғыртуға септеседі.

Цифрлық активтердің толыққанды әкөжүйесін қалыптастыру, банк саласын цифрландыру, киберқылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін интелектуалды жүйе жасау, Alatau City цифрлы жобасын жүзеге асыру, агрохабтар және логистика орталықтарын дамыту, медициналық қызметтердің сапасына және көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе іске асыру үшін цифрлы жобаларды сәтті жүзеге асыруға тиіспіз.

Құқық қорғау саласының тәжірибелі маманы ретінде жасанды интеллекттің, цифрлы жобаларды құқық қорғау саласына жүйелі түрде енгізуді қолдаймын. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, адам өміріне қолайлы жағдай

жасау — полиция қызметкерінің төл міндеті. Мұны Президентіміз Жолдауда көліктегі қауіпсіздікке жеткілікті деңгейде мән беруге тапсырды. Электросамокаттарға назар аударған жөн деп атап өткені көшедегі қозғалыстарды, адам өмірін сақтауға айрықша көңіл бөлу қажет екенін алға тартты.

Президент әрқес мемлекеттік құрылым, мемлекеттік қызметшілер халық үніне құлақ асатын мемлекет қағидасына баса назар аудару қажет екенін қаперге салып келеді. Әсіресе, мемлекет үшін маңызды мәселелерді халықпен кенесе отырып шешу, республикалық референдум өткізу бастамасын көтерді. Осы кезге дейін АЭС салу мәселесін референдумға шығарды. Енді тағы бір маңызды мәселені ел назарына ұсынып отыр.

Парламентті қос палаталық жүйеден бірі палатаға ауыстыру, яғни Сенатты тарату бастамасын республикалық референдуммен шешу мәселесін күн тәртібіне қойды. Шын мәнінде, мәслихат депутаты ретінде бұл мәселеге орнықты шешім қажет екенін сезінемін.

Мемлекет басшысы саяси партиялардың әлеуетін күшейтеу арқылы жаңа депутаттық қорытынды жасау ісін жүйелі жүргізу қажет деп санайды. Бұл — құлтарлық қадам. Түптеп келгенде, цифрлы мемлекетке арқау болар әрбір бастамаларды туған жерін қадірлейтін Адал азаматтар жүзеге асырады.

Жолдаудан түйген түйін — осы.

Әмірбек ШАЙМАҒАНБЕТОВ,
облыстық мәслихат депутаты

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ АЙҚЫН

Біз М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледж ұжымы болып Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауын зор ықыласпен тыңдадық.

Президент ел дамуының негізгі бағыты ретінде цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізуді атап өтті. Биылғы Жолдаудың біріктіруші идеясы — цифрландыруды кең көлемде дамыту және жасанды интеллектті жаппай енгізу. Осы орайда Президент экономиканың түрлі салаларына цифрландыру мен жасанды интеллект құралдарын жеделдетіп енгізу міндетін жүктелді.

Сондай-ақ жас ұрпақтың патриотизмді қабылдау ерекшелігіне де тоқталды. Президенттің айтуынша, жастар елді сүйеді және іс бастау, халыққа пайдасы тиетін жаңалық тақырыптары бойынша маңызды мәселелер талқылауға, оларды шешу жолдары да айтылды. Бұл бастама жас отбасылардың саналы шешім қабылдау, қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайтуға жол ашады.

Іс-шара соңында жас жұбайлардың некесі қиылып, неке куәліктері салтанатты түрде табысталды.

«СБ» ақпарат

түбегейлі өзгерістерге жас буынның тез бейімделетінін, әсіресе жасанды интеллект дәуірінде олардың рөлі ерекше болатынын айтты.

Президент сонымен қатар білім беру саласы мен жасанды интеллектті дамытудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Мәселен, жасанды интеллектпен жұмыс істеу құзыретін қалыптастыру Жолдаудың ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс екенін, осыған орай біртұтас бастаманы жүзеге асыру, ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет екені, ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болатынын айтты.

Білім саласындағы бастамалар — еліміздің одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз болатын сапалы адами капиталды қалыптастырудың мықты қозғаушы күші.

Колледж ұжымы Мемлекет басшысының бастамаларын толығымен қолдай отырып, білім беру саласы, цифрландыру мен жасанды интеллектті дамыту, жасанды интеллект дәуіріндегі жас ұрпақтың патриоттық тәрбиені бойына сіңірген педагогикалық қарларды даярлау ісіне өзіндік үлесін қоса бермек.

Жақсыгүл ТОҒАНОВА,
Мәңшүк Мәметова атындағы
Қызылорда педагогикалық жоғары
колледжінің директоры

ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Отбасы — адам өміріндегі ең алғашқы әрі маңызды әлеуметтік орта. Қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділіктің негізі де осында қаланады.

Жыл сайын қыркүйектің екінші жексенбісінде отбасы институтын нығайтуға және дәстүрлі құндылықтарды насихаттауға бағытталған мәдени, білім беру және әлеуметтік іс-шаралар өтеді. Бұл күн отбасылық татулық пен ұрпақтар сабақтастығын одан әрі арттыратынын анық.

Атаулы күнге орай қалада онкүндік аясында түрлі мазмұнда шаралар жоспарланған. Соның бірі «Отбасын жоспарлау» тақырыбы аясында ұйымдастырылды. Онда қала әкімдігі мен қалалық полиция және облыстық денсаулық сақтау басқармасы мамандары тарапынан некеге тұруды жоспарлап жүрген жұптарға құқықтық, медициналық, әлеуметтік, психологиялық кеңес берді.

Қала әкімдігі жанындағы комиссия мүшесі Айгерім Ерболатқызы



отбасындағы түсіністік пен сыйластықтың маңызын айтып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға тоқталды. Зорлық-зомбылық әлеуметтік мәселе ретінде жәбірленушілердің өздеріне әсер етіп қана қоймайды, сонымен бірге

жалпы қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Сондықтан оның алдын алу маңызы екенін тілге тиек етті.

Одан кейін облыстық денсаулық сақтау орталығының дәрігер-гинекологі Айгерім Ыдырысова

дені сау ұрпақ дүниеге әкелу үшін жастар өзіне ерекше көңіл бөлуі қажеттігін атап өтті. Отбасын құруды жоспарлап жүргендерге арналған орталық әр емханада жұмыс істейді. Оған алдын ала келіп, мамандардың тексеруінен өтудің әбестігі жоқ. Сонымен қатар психологтар жас жұбайларға өмірлік дағдарысты еңсерудің жолдарын түсіндірді.

Кенесте құқықтық, қаржылық сауаттылық, зорлық-зомбылыққа көз жұмбау, эмоционалды интеллект, серіктестік пен жауапкершілік, репродуктивті денсаулық тақырыптары бойынша маңызды мәселелер талқылауға, оларды шешу жолдары да айтылды. Бұл бастама жас отбасылардың саналы шешім қабылдау, қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайтуға жол ашады.

Іс-шара соңында жас жұбайлардың некесі қиылып, неке куәліктері салтанатты түрде табысталды.

«СБ» ақпарат

Сахара сандуғашы Сыр елінде



Біздің бала күнімізде әрбір үйдің бір бұрышында елеусіз ғана ілініп тұратын шап-шағын радио болатын. Сыртынан қарағанда шап-шағын болғанымен, сол радио бүтін еліміздің «идеология» деп аталатын аса жауапты саясатының жүгін көтеріп тұрды. Иә, «Қазақ радиосынан» әуе толқыны арқылы әлемге тарайтын әдеби-танымдық хабарлар шетелдерде өмір сүріп жатқан қандастарымызбен арада ілкі байланыс орнатып, олардың елге деген сағынышын еселей түсетін.

Сол уақытта радио арқылы хабар жүргізетін ерекше дауыс иесі Сауық Жақанованың есімі жүрегіміздің бір түкірінде жатталып қалған еді. Өйткені ол оқыған өлең болсын, әңгіме болсын, тіпті қарапайым хабар болса да, елең еткізіп, одан әрі мазмұнына елігіп әкететін. Қазақтың арқалы ақыны Мұқағали Мақатаев «Өлең шіркінді окиса, Сауық оқысын» дейді екен.

Сол қазынаны толтыруда Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері, «Сахара сандуғашы» атанған Сауық Жақанованың сүбелі үлесі бар. Ол аса дарынды, дауылпаз үнді диктор Әнуарбек Байжанбаевпен қатар алыс жылдан астам қызмет етті. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Қазақ радиосының» аңызы, диктор Сауық Жақанованың кездесуі өтті. Рухани мәні жоғары танымдық жиын университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» факультетінің студенттері үшін өте әсерлі болды. Кездесу барысында жастар өздерін қызықтырған сауалдарын қойып, дара дауысты диктордың дәрісін тыңдады. Өнегелі өмір жолынан сабақ алды.

Кездесуді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайманов ашып, жиынның мазмұны жайлы айтты. Кешті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының жетекшісі Серікхан Жүзеев жүргізді.

Мазмұнды кештің мейманы Сауық Жақанова қазақ елінің астанасы болған, ұлтымызға «Қазақ» атауын қайтарып, ел мәдениеті мен руханиятының бастауы болған Сыр еліне сапарында ұстаздар мен студенттердің шақыртуын қабыл алып, кездесуге үлкен толқыныспен келгенін айтты.

Иә, «Қазақ радиосында» қызмет ете жүріп, бүкіл қазақ елінің білім, мәдениет, өнер өкілдерін насихаттап, сол уақыттағы мемлекет, қоғам қайраткерлері, қарапайым еңбек адамдары жайлы дүние жүзіне хабарлар таратып, руханиятқа азды-көпті еңбегімізді сіңіргеніміз – бағым деп ойлаймын, – деді ол.

«Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айман Айтбаева сөз сөйлеп, диктордың дауысына деген бала кездегі құштарлығын, қалтқысыз құрметін әсерлі әңгімелеп берді.

Кафедраның аға оқытушысы Асыл Оразова «Эфирдің Ақбаны» атанған Сауық Жақанованың өмір жолы мен шығармашылығы жайында мазмұнды баяндама жасап, қарапайым ғана диктордың жасаған хабарлары қоғамдағы қаншама тағдыр иесіне ықпал еткенін мысалға келтірді.

Қазақ тілінің, сөзінің тазалығына айрықша мән беретін Сауық Мәсіғұтқызы дикторлық жолымен қатар, ұстаздық қызмет ете жүріп, «Сөйлеу техникасы», «Жүргізушінің сөйлеу мәдениеті» атты оқу құралдарын жазып, көптеген шәкірт тәрбиеледі.

Кештің құрметті меймандарының қатарында – Еуропадағы қазақ диаспорасының белді өкілі, саяси ғылымдары докторы Абдулхайым Кесіжи, Халықаралық «Шалқар» газетінің бас редакторы, «Жанашыр» қоғамының президенті Жанұлы Әптеова, Сыр өңірінің өнерпазы Сара Бекахметова, Сауық Жақанованың шәкірті, «Сахара сандуғашы» кітабын құрастырушы автордың бірі Жазира Амантай қатысып, келелі ой-пікірлерін бөлісті.

Кеш соңында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Қали Омаров «Қазақ радиосының» аңызы Сауық Жақановаға университет ректоры атынан сый-құрмет көрсетті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЭКО-SERVICE» ЖШС 16.10.2025 жылы сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көш. 8 (мәдениет үйі ғимаратында) мекенжайы бойынша «Қайта өңдеуге қабылданатын қалдықтар түрлерінің тізбесін кеңейтуге байланысты Қызылорда-Құмкөл автотрассасының 175 км-дегі мұнай қалдықтарын уақытша сақтау және қалғат жарту учаскесін жаңғырту» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы. Географиялық координаттар 46°18'43.45" солтүстік ендік, 65°36'1.61" шығыс бойлық.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru>

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ электрондық пошта арқылы a.koszhanova@korda.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/3715387210?pwd=4CD60138bbEBh9DZbYGT6aX885IN6.1&omn=87637490470>

Конференция идентификаторы: 371 538 7210

Кіру коды: NX9ue3

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай арқылы алуға болады: Қызылорда қаласы, Тауке хана көшесі 3, байланыс тел.: 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ЭКО-SERVICE» ЖШС. БИН 040140007710. ҚР, Қызылорда қаласы, К.Байсеитова көшесі, 13, eco_service@inbox.ru

Жобаны дайындаушы: «АртНефтьСтройПроект» ЖШС, Қызылорда қаласы, Тауке хана көшесі, 3. БИН 050140000140. Тел.: 8-777-177-79-94; эл.мекен-жайы: ansp@bk.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ЭКО-SERVICE» сообщает что 16.10.2025 года 11:00 часов по адресу Кызылординская область, Сырдарынский район, пос. Теренөзек, ул.Конаев 8 (здание дом культуры) состоится общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях «Модернизация участка временного хранения и утилизации нефтеотходов на 175 км автодороги Кызылорда-Кумколь, в связи с расширением перечня видов отходов, принимаемых на переработку».

Территория воздействия объекта – Кызылординская область, Сырдарынский район.

Географические координаты: 46°18'43.45"СШ 65°36'1.61"ВД. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на эл.адрес a.koszhanova@korda.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Активная ссылка: <https://us05web.zoom.us/j/3715387210?pwd=4CD60138bbEBh9DZbYGT6aX885IN6.1&omn=87637490470>

Идентификатор конференции: 371 538 7210

Код доступа: NX9ue3

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, тел.: 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЭКО-SERVICE». БИН 040140007710. РК, город Кызылорда, улица К.Байсеитова 13, eco_service@inbox.ru

Разработчик проекта: ТОО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3. БИН 050140000140. Тел.: 8-777-177-79-94; эл.адрес: ansp@bk.ru.

МҰРАЛЫҚ ІСТІ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Кызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013 ж.) 2022 жылдың 5 маусымында қайтыс болған азаматша Мейрманова Фатима Гүлмәдениқызы атынан мұралық істі ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз:

Кызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.

«АБАЙЛАҒЫЗ, БАЛАЛАР!»

ҚАУІПСІЗДІК БАРШАҒА ОРТАҚ



Жыл сайын дәстүрлі өткізілетін «Абайлаңыз, балалар!» атты жедел- профилактикалық іс-шарасы қаламызда биыл да жалғасын тапты. 25 тамыз бен 10 қыркүйек күндері аралығында осы іс-шара өткізілді.

Мақсат – мектеп жасындағы жасөспірімдердің алдын алып, оқушыларға жол жүру ережелерін қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының таныстырып қана қоймай, оларды жол жүру

қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыру, сондай-ақ балалардың жаракат алуы мәселелеріне жүргізушілердің, ата-аналар мен мұғалімдердің назарын аудару. Жаз бойғы демалыстан мектепке енді келген балалар тарапынан алғашқы уақытта жол қауіпсіздігіне немқұрайлылық, салғырттық болуы ықтимал. Осы уақытта жол жүру қауіпсіздігі ережелерін балалардың есіне тағы бір салып, олардың амандығын сақтауға полиция қызметкерлері жаппай жұмылдырылуда.

Балалардың алаңсыз білім алып, қауіпсіз өмір сүруіне әрқайсымыз жауаптымыз. Сондықтан отбасында ата-ана, мектепте ұстаздар, ал жол бойында полиция қызметкерлері ұдайы бағыт-бағдар беріп отырғаны абзал. Өйткені, сақтықта қорлық жоқ.

Бала жол ережесін өз ата-аналарынан және басқа да үлкендерден алған өнегесі арқылы үйренеді. Сондықтан, үлгілі тәртібіңіз арқылы балалардың қауіпсіздігін сақтауға өз ықпалыңызды тигізген абзал.

А.АБЖАЛПЕВА,
ювеналды полиция бөлімшесінің
аға участкелі полиция инспекторы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЙБІР ШЕШІМДЕРІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2- тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес кейбір шешімдердің күші жойылды деп танылсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы
М. ТЛЕУМБЕТОВ

Қызылорда облыстық мәслихатының
20__ жылғы __ №__
шешіміне қосымша

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН КЕЙБІР ШЕШІМДЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

1. «Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №434 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде №7504 болып тіркелген);
2. «Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №434 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 24 шілдедегі №113 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде №8537-11 болып тіркелген);
3. «Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №434 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 11 сәуірдегі №160 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде № 8596-11 болып тіркелген).

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН АЛУШЫЛАР САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-9-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы

№417 бұйрығымен бекітілген Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қазіргі таңдағы 39-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде № 36186 болып тіркелген) Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй

сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы
М.ТЛЕУМБЕТОВ

Қызылорда облыстық мәслихатының
2025 жылғы _____ № _____ қосымша

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН АЛУШЫЛАР САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылыс мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйі меншігіне алу құқығын іске асыру үшін қарыз сомасының 10%, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерді құрайды.
2. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттары алушылардың санаттарына мыналар жатады:
1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
3) басқа мемлекеттердің аумағындағы тұрып қимылдарының ардагерлері (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
5) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
6) «Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № КР ДСМ-14 бұйрығымен бекітілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімінде көрсетілген аурумен ауыратын адамдар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде №26830 болып тіркелген) (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
7) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
8) көмектеге толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз

жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартады (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
9) қандастар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
10) экологиялық зиялалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
11) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ І және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған қонабалы аналар, қонабалы отбасылар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
12) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, қарулы қызметін орындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару

кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
13) төлік емес отбасылар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
14) асырауында көмектеге толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орынын кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
15) мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсыры бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыру газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақыл қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Хабарландыру!

«ЭКО-SERVICE» ЖШС, 16.10.2025 жылы сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тер... ылы, Қонаев к. 8 (мәдениет үйі ғимаратында) мекенжайы бойынша, «Қайта өңдеуге қабылданатын қалдықтар түрлерінің тізбесін кеңейтуге байланысты Қызылорда-Құмкөл автотрассасының 175 км-дегі мұнай қалдықтарын уақытша сақтау және кәдеге жарату учаскесін жаңғырту» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы. Географические координаты 46°18'43.45" солтүстік ендік, 65°36'1.61" шығыс бойлық.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ электрондық пошта арқылы a.koszhanova@korda.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/3715387210?pwd=4CD6ol38bhEBh9DZbyGTi6aX885lN6.1&omn=87637490470>

Идентификатор конференции: 371 538 7210

Код доступа: NX9ue3

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша Тауке хан көшесі 3, байланыс тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru арқылы алуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы:

«ЭКО-SERVICE» ЖШС. БИН 040140007710. ҚР. Қызылорда қаласы, Куляш Байсеитова көшесі, 13. eco_service@inbox.ru

Жобаны дайындаушы:

"АртНефтьСтройПроект" ЖШС, Қызылорда қаласы, Тауке хан көшесі, 3. БИН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.мекен-жайы: ansp@bk.ru.

ДАТА: 11.09.2025

ВРЕМЯ: 11:45

АҚПАРАТТЫҚ СТ

ИНФОРМАЦИОН

Хабарландыру!

«ЭКО-SERVICE» ЖШС, 16.10.2025 жылы сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек а.о., Теренөзек ауылы, Қонаев к. 8 (мәдениет үйі ғимаратында) мекенжайы бойынша, «Қайта өңдеуге қабылданатын қалдықтар түрлерінің тізбесін кеңейтуге байланысты Қызылорда-Құмкөл автотрассасының 175 км-дегі мұнай қалдықтарын уақытша сақтау және кәдеге жарату учаскесін жаңғырту» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы. Географические координаты 46°18'43.45" солтүстік ендік, 65°36'1.61" шығыс бойлық.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ электрондық пошта арқылы a.koszhanova@korda.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

